

**2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 10,066 трлн теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 13,0%-ға жоғары болады. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 4 660,7 млрд. теңге, қара металлургиядағы өндіріс 2 105,2 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 2 807,7 млрд. теңге, ал қалған бөлігі темір кендерін өндіруге тиесілі – 466,9 млрд. теңге.**

**«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте 107,7% құрады. Бұл ретте «Темір кендерін өндіру» НКИ 113,4% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кендерін (123,5%); хром кендерін өндірудің (121,0%) өсуімен байланысты болып отыр.**

**«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 106,2% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (104,4%); мыс-мырыш (111,0%); қорғасын-мырыш (113,8%); мыс (107,7%), құрамында алтын бар металдар (100,0%).**

**«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте 108,3% құрады.**

**Түсті металлургиядағы НКИ 105,8% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (118,1%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (110,2%), өңделмеген тазартылған қорғасын (118,8%), тазартылған алтын (102,9%), өңделмеген мырыш өндірісінде (103,2) құрады.**

**Қара металлургияның НКИ қайта құйылған шойын (114,2%); ферроқорытпалар (115,7%); тазартылмаған болат (110,0%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (117,5%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштар (108,2%); тегіс илек (121,2%), қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (119,7%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 112,0% құрады.**

**2024 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімдерінің экспорты 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 16,5%-ға ұлғайып, 10,2 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 2,9 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия – 7,3 млрд. АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 3,3%-ға, түсті металлургия экспортының көлемі 26,6%-ға ұлғайды.**

**Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (27,0%), ферроқорытпалар (14,7%), тегіс илек (9,6%), мырыш (4,2%), күміс (3,6%), алюминий (3,2%) тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, алюминий, қорғасын, мырыш және сазбалшық экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.**

2024 жылдың қаңтар-тамыз айларында ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (36,6%), Ресей (24,3%), Түркия (9,3%) және АҚШ (3,8%) болды.

2024 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімінің импорты 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8%-ға төмендеп, 2,4 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия - 1,9 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия - 0,5 млрд. АҚШ доллары. Металлургия өнеркәсібі импортының төмендеуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, рельстер импортының құнының төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында металлургиялық өнім импортының құндық құрылымында: арматура (14,0%), тегіс илек (13,6%), жіксіз құбырлар (13,2%), болат дайындамалар (12,2%), мыс анодтары (9,1%) және т.б. басым.

2024 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстан Республикасында металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (72,6%), Қытай (11,6%) және БАӘ (2,5%) болып табылады.

2024 жылғы қаңтар-тамызда ҚР металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 5,3 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл ретте ОТӨ үлесіне 54,0%, импорттық өнімнің үлесіне 46,0% тиесілі.

Сала 3 өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,0%, ШҚО – 17,4% және Павлодар облысының үлесі – 14,0% құрайды.

# ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## Январь-сентябрь 2024 г.

**10 066**  
МЛРД ТГ.



ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 107,7%  
МЕТАЛЛУРГИЯ – 108,3%

■ Добыча металлических руд  
■ Metallургическая промышленность



**ЭКСПОРТ**



**РЫНОК**



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2024 г.

### ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ

